



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ӘОЖ 338.49:339.92(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІРУ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Омарова Дидара Қайратқызы

o.didara@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - М.Амрина

Іскерлік туризм термині халықаралық деңгейде жаңа ұғым болып саналады. Бұл туризм түрі жайында Еуропа мен АҚШ елдерінде тек XX ғ. 70-80 жылдары сөз қозғала бастады, ал 90 жылдары бұл бизнес саласы аса маңызды жетістіктерге жете бастады. Негізінен іскерлік туризм көне заманда пайда болған, ол кезде адамдар тек сауда мақсатында саяхаттап жүрген. Кейінгі жылдары осы туризм түріне анықтама беріле бастады. Іскерлік туризмнің дамуы транспорт пен техника және экономиканың дамуымен байланысты. Әлем бойынша халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы оның дамуына айтарлықтай әсер етті.

«Бизнес-туризм» немесе «іскерлік туризм» термині орнына ағылшын сөзі «business travel», кей жағдайларда туризмнің бұл түрінің құрылымын сипаттау мақсатында ағылшындық термин-аббревиатура MICE сөзі қолданылады (Meetings /Incentives / Conferences / Exhibitions – іскерлік кездесулер/Интенсив-туризм/Конференциялар/Көрмелер).

Бұл сектор құрылымы:

- 70,8 % - жеке іскерлік сапарлар;
- 12,6% - конференция мен семинарлар;
- 10,9% - көрмелер;
- 3,3% - конгресс туризм;
- 2,4% - интенсив-туризм;

Іскерлік туризм – бұл жұмыс уақытында баратын жерінде табыс табу мақсатымен байланысты емес, іскерлік және кәсіби мақсатпен байланысты саяхат түрі. Іскерлік туризм терминіне көптеген ғалымдар анықтама берген. И.Т.Балабанов, А.И.Балабанов іскерлік туризмді былай түсіндіреді: «іскерлік туризм – бұл бизнесмендердің іскерлік мақсат бойынша сапар шегуі»[1].

Іскерлік туризмді 3 түрге жіктеуге болады: конгресске, саммиттерге, конференцияларға, симпозиумдарға қатысумен байланысты сапарлар; саудалық-өндірістік жәрмеңкелер мен көрмелерге барумен байланысты сапарлар; «corporate travel» , яғни ұйымдық саяхат;

«Business & Sport Travel» ЖШС мәліметі бойынша барлық іскерлік сапарлардың 73%-дан астамын «corporate travel» және интенсив-турлар құрайды, ал 16%-ды тікелей семинарларға, конференциялар мен съездерге қатысу алса, қалған 11 % саудалық-өндірістік көрмелер мен жәрмеңкелерге бару және қатысумен байланысты [2].

Іскерлік туризмге қатысушылардың алты тобын бөліп көрсетуге болады: туристер; туристік қызметті жеткізушілер; кездесулерді жоспарлаушы немесе басқарушылар; бағыттаушы менеджерлер; кәсіптік кездесулерді ұйымдастырушылар; кәсіпқой ұйымдастырушылар. Іскерлік туризм дамуында аса маңызды орынды конвеншн-бюро алады. Ол саяхаттау нарығында туристік аймақты жылжытатын және де оны ұсынатын арнайы мамандандырылған маркетингтік компаниялар.

Іскерлік саяхатқа аттанудың басты мақсатына келесілер кіреді:

- серіктестермен келіссөздер мен кездесулер өткізу;
- еншілес құрылымдар мен филиалдардың өкілдерімен, әріптестер және басшылықпен жиын өткізу;

- филиалдар мен өкілділіктер жұмысын инспекциялау;
- іскерлік байланыстарды орнату және жақсарту;
- кәсіпқой іс-шараларға қатысу; (көрмелер, конференциялар және т.б.);
- қызметкерлерді оқыту;
- арнайы сертификаттар, лицензиялар, рұқсатнамалар алу мақсатындағы сапарлар.


XX ғ. 80-ж. іскерлік туризм жаһандану және де орта класс үлесінің ұлғаюымен байланысты туризм индустриясының маңызды сегментінің біріне айналды. Сол жылдары Еуропаның іскерлік туризм саласында өзіндік қауымдастықтар қалыптасты, ғылыми және білім беру мекемелері, мамандандырылған басып шығару және іскерлік туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар әзірленді. 1980 ж. ортасында іскерлік туризм туризм статистикасының жеке зерттеу объектісі болып бөлініп шықты. Статистика көрсетіп отырғандай, әлем бойынша жүзеге асатын туристік сапардың әрбір төртіншісі қызметтік мұқтаждықпен байланысты болып келеді.

Қазіргі таңда іскерлік туризм әлемнің 115 елінде даму үстінде. Әр жыл сайын 150 млн. астам іскерлік сапарлар жасалынады, солардың ішінде 60 млн. жуығы Еуропа елдеріне келеді. Іскерлік мақсаттағы халықаралық туристерді қабылдау көлемі және оған кетіретін шығыны бойынша Еуропа бірінші орынды алады. Германия іскерлік туризмнің Еуропадағы негізгі орталықтарының бірі. Әр жыл сайын 5млн. неміс іссапарға шығады. Олардың 3%-ы шет елдерге, 21%-ы Еуропа аумағында, 76%-ы Германия елі бойынша қызметтік сапар шегеді. Іскерлік сапар шегу басқа елдерге 12-13 күнді, аймақ ішінде 5-6 күнді, өз елі бойынша 3-4 күнді құрайды [3].

Еуропалық іскерлік саяхат нарығы күрделі құрылымға ие. Онда бизнес-сапарлар (2012ж. 58 млн. жуық сапарлар) және конгресс, көрмелер мен саудалық жәрмеңкелер бойынша сапарлар (2012ж. 36 млн. жуық сапарлар) басымдылыққа ие. Ал, интенсив-турларға жылына 7 млн. жуық сапарлар жасалынады. Еуропада аса маңызды орынды конгресстік-көрмелік туризм алады, ондағы 60млн. іскерлік сапардың 16-20 млн. конгресстік-көрмелік туризм құрайды. Жыл сайын әр түрлі көрмелер ұйымдастырылады. Мысалы, әр жылдың қаңтар айының аяғы мен ақпан айының басында Мадрид қаласында Халықаралық туристік көрме-биржасы Халықаралық туристік жәрмеңке (ФИТЮР) өткізіледі, сонымен қатар алғашқы халықаралық автомобильдік шоу 1929 жылы Женевада ұйымдастырылған. ДТҰ-ның 2013 жылғы мәліметі бойынша

Келушілердің мақсаты бойынша туризм көрсеткіші

■ демалыс, рекреация, бос уақыт ■ денсаулық, діни, және т.б.
■ бизнес және кәсіби мақсатта ■ өзге де мақсаттар



Бұл диаграммадан біз іскерлік туризмнің даму тенденциясын байқауымызға болады. Яғни, әлем бойынша әрбір 3-ші турист іскерлік мақсатпен сапарға аттанады. Халықаралық іскерлік туризм бойынша 2014 жылы АҚШ елінің табысы 309 млрд. долларды құрап, алдыңғы қатарға шықты [4].

Қазіргі таңда кез-келген мемлекеттің қоғамдық және экономикалық дамуы іскерлік туризм саласының белсенді даму қарқынымен сипатталады, себебі іскерлік туризм әлемдік шаруашылықтың дамушы бір саласы ретінде қарастырылады. Бизнес-туризм сегментінде Қазақстанның да даму болашағы зор. Оның геосаяси жағдайы мен табиғи-шикізаттық қорларының болуы Қазақстанға келетін бизнес-туристердің санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары іскерлік туризм Астана қаласында дамып келе жатыр. Көбінесе

еліміздің астанасына ТМД, АҚШ, БАӘ, Германия, Турция елдерінен іскер туристер келеді. Астана – бұл халықаралық және республикалық маңыздылығы бар алып шаралар өткізетін еуразиялық орталық.

Қазақстан тарапынан жыл сайынғы көптеген іс-шаралар атқарылуда, соның салдарынан іскерлік іс-сапарлар бойынша келуші шетелдік азаматтар саны артуда. Мысалы:

1) Астаналық экономикалық форум (*қысқартылған АЭФ, ағылш. Astana Economic Forum*) - Астанадағы штаб-пәтермен байланысу үшін халықаралық және аумақтық платформа. АЭФ Еуразиялық ғылымдар клубының мүшелері және Қазақстан Республикасының басқармасымен 2008-інші жылы құрылған. Жыл сайын Астана қаласында өтеді. 2008-інші жылдан бері АЭФ-ке жүз мемлекеттен сегіз мыңнан астам делегат қатысқан. Форум жылда мамыр айында өтеді. Астаналық экономикалық форум әлемдегі ең үлкен халықаралық форумдардың бірі болып табылады.


2) Жылда Астана қаласында «Астана-Демалыс (Astana Leisure)» халықаралық туристік көрмесі өткізіледі. Аталған көрмеге шетелдердегі туризм саласының мамандары қатысып, Қазақстан Республикасының мамандарымен тәжірибе алмасуда. Олар бір-бірімен екі жаққа тиімді келісім шарт жасасады. Сонымен қатар, кез-келген Қазақстан азаматына қатысушы шетелдік мамандардан өздеріне қажетті ақпаратты алуда. Аталған халықаралық көрме 2015 жылдың 24-26 қыркүйек аралығында өткізілу жоспарланған.


3) **Әр жыл сайын Алматы қаласында «Қазақстандық халықаралық туристік көрме (Kazakhstan International Tourism Fair)»** халықаралық туристік көрмесі өткізіледі. Мұнда Қазақстан тарапының туризм саласындағы уәкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдары, жеке және заңды тұлғалары, азаматтары мен шетелдік өкілдер қатысады. Аталмыш іс-шара 2015 жылдың 22-24 сәуір аралығында өткізу жоспаланған.

Қазақстан Республикасына шетелдік азаматтардың іскерлік, демалу, инвесторлық және т.б. мақсатында келу кезіндегі әкімшілік ресмиліктерді жеңілдету іс-шаралары жүргізілуде. Сонымен қатар, Америка Құрама Штаттары, Германия Федеративтік Республикасы, Француз Республикасы, Италия Республикасы, Нидерланды Корольдігі, Біріккен Араб Әмірліктері, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Малайзия, Корея Республикасы және Жапонияның азаматтарына 2014 жылғы 15 шілде – 2015 жылғы 15 шілде аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасына визасыз келіп және Қазақстан Республикасынан визасыз кетуіне айтарлықтай жеңілдіктер жасалған.

Еліміздегі «Қазақстандық индустрия дамыту институты» АҚ (КИДИ) зерттеу орталығының мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда 2013жылдың I тоқсанында 4100 адамға іскерлік қызмет көрсетілген, 2500 адам турфирмалардың қызметіне жүгінген. Жалпы бизнес-туризм нарығы барлық туристік қызметтің 60%-дан 80% дейін үлесін алып жатыр.

ҚР статистика агенттігінің 2013 жылғы мәліметіне сәйкес, Қазақстанда сапар мақсаттары бойынша орналастыру орындарындағы қызмет көрсетілген келушілер





Бұл жоғарыда келтірілген көрсеткіштер арқылы біз Қазақстанда іскерлік туризмнің дамып келе жатқандығы анық байқай аламыз. Іскерлік туристердің негізгі келу орталығына Астана, Алматы және Ақтау қалалары жатады [5].

Қорыта келе айтар болсақ, біздің елімізде іскерлік туризмнің даму тенденциясына көптеген мүмкіндіктер бар, оларға елдің геосаяси жағдайы, елдің шикізат ресурстарына байлығы, елдің Еуразия құрлығының орталығында орналасуы және Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан сияқты елдермен ортақ шекарасының болуы, түрлі халықаралық форумдардың өткізілуін жатқызуға болады. Ал бір кемшілігі – қоғамда «іскерлік туризм» түсінігінің толық қалыптаспағандығы, сонымен қатар бұл бағыттағы компания саясаты мен бұл саладағы мамандардың жоқтығы. Көптеген компаниялар әлі күнге дейін бизнес-туризм шығындарын оңтайландыру мен жоспарлау маңыздылығын түсіне бермейді. 2012 жылы 500 қазақстандық компаниялар арасында зерттеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде, іскерлік сапарларды жоспарлау жұмыстарымен 28% секретарьлар, 19% департамент басшылары, 15% бизнес-сапар бағыттаушылары, 12% басшылары, 6% маркетинг департаменті, 3% қаржы департаменті, 1%HR, ал қалған 15% басқа да қызметкерлер айналысады. Сонда, тек әрбір жетінші компанияда ғана іссапарды ұйымдастыруға жауапты бағыттаушылардың бар екендігін көруімізге болады[6]. Сол себепті мен іскерлік туризмді ары қарай дамыту үшін келесідей ұсыныстарды айтар едім:

- елімізде іскерлік туризм ұғымын толық жетілдіру;
- бұл салада қызмет атқаратын мамандардың санын ұлғайту, біліктілігін арттыру;
- мемлекеттік компаниялар мен туристік фирмалар арасында іссапарлар жөнінде келісім шартқа отыру жөніндегі құжаттарды реттеу, сапарлар жөніндегі шығындар жайында аналитикалық есептемелерді ұсынуды реттеу;
- қонақ үй сервисінің сапасын арттыру, іскер туристерді қабылдауға маманданған бизнес-отель қонақ үйлерінің санын ұлғайту;
- туристік инфрақұрылым қызметтерінің бағасын төмендету, соның ішінде қонақ үйлер мен әуежүйелердің, транспорт құралдарының құнын арзандату;
- қазақстандық компаниялардың шет елдермен сауда-экономикалық байланыстарын жетілдіру;
- іскерлік туризм орталықтарында алып конгресстік-көрмелік орталықтарын ашу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Папирян Г.А. Маркетинг в туризме
2. www.articlekz.com
3. [Tourism statistics in the European Statistical System / Eurostat.](#)
4. UNWTO Tourism highlights 2014 edition
5. ҚР статистика агенттігі
6. forbes.kz/process/businessmen/skvernyiy_servis_i_dorogovizna_gubyat_biznes-turizm_v_rk_na_kornyu